

Ауыл шаруашылығы жануарларының саны аз және жойылып бара жатқан тұқымдарының, түрлері мен топтарының тектік қорын сақтауға және қалпына келтіруге 2005 жылға арналған қаражат төлеу ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 23 ақпандағы N 164 Қаулысы

"2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңына сәйкес, ауыл шаруашылығы жануарларының саны аз және жойылып бара жатқан тұқымдарының, түрлері мен топтарының тектік қорын сақтау және қалпына келтіру әрі ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді сапалы асыл тұқымды өніммен (материалмен) қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы жануарларының саны аз және жойылып бара жатқан тұқымдарының, түрлері мен топтарының тектік қорын сақтауға және қалпына келтіруге 2005 жылға арналған қаражат төлеу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 23 ақпандағы
N 164 қаулысымен
бекітілген

Ауыл шаруашылығы жануарларының саны аз және жойылып бара жатқан тұқымдарын, түрлері мен топтарының тектік қорын сақтауға және қалпына келтіруге 2005 жылға арналған қаражат төлеу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ауыл шаруашылығы жануарларының саны аз және жойылып бара жатқан тұқымдарын, түрлері мен топтарының тектік қорын сақтауға және қалпына келтіруге 2005 жылға арналған қаражат төлеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) 006 "Ауыл шаруашылығын дамытуды мемлекеттік қолдау" бағдарламасының 108 "Ауыл шаруашылығы жануарларының саны аз және жойылып бара жатқан тұқымдарының, түрлері мен топтарының тектік қорын сақтау мен қалпына келтіру" кіші бағдарламасы

бойынша 2005 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен және соның шегінде ауыл шаруашылығы жануарларының саны аз және жойылып бара жатқан тұқымдарын, түрлері мен топтарының тектік қорын сақтау мен қалпына келтіруге арнап республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың (бұдан әрі - Кәсіпорындар) құрамына кіретін селекциялық-генетикалық орталықтарға қаражат төлеудің (бұдан әрі - субсидиялау) тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Субсидия мынадай мақсаттарға арналады:

1) коллекциялық табындар құру үшін сатып алынатын ауыл шаруашылығы жануарларының саны аз және жойылып бара жатқан тұқымдарының, түрлері мен топтарының құнын толық өтеу;

2) сатып алынған арнайы технологиялық жабдықтың, оргтехниканың және арнайы көліктің (бұдан әрі - арнайы жабдық) құнын толық өтеу.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) коллекциялық табындарды қалыптастыру үшін ауыл шаруашылығы жануарларының сатып алынатын саны аз және жойылып бара жатқан тұқымдарын, түрлері мен топтарының және арнайы жабдықтың тізбесі мен санын бекітеді.

2. Қаражат төлеу тәртібі

4. Осы Ереженің 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген мақсаттарға арналған субсидияларды алу үшін:

1) Кәсіпорындар ауыл шаруашылығы жануарларының саны аз және жойылып бара жатқан тұқымдарын, түрлері мен топтарының және арнайы жабдықтың тізбесі мен санына сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алу рәсімін жүзеге асырады және ауыл шаруашылығы жануарларының тиісті саны аз және жойылып бара жатқан тұқымдарын, түрлері мен топтарын және арнайы жабдықтарды мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасады;

2) Кәсіпорындар, шарттар жасасқаннан кейін 10 күннің ішінде, бірақ 2005 жылғы 1 қыркүйектен кешіктірмей шарт түпнұсқасының бір данасын Министрлікке береді.

5. Министрлік ұсынылған құжаттардың заңнамада белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді және міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың бекітілген жоспарларына сәйкес Кәсіпорындардың есеп айырысу шоттарына тиесілі соманы аударады.

6. Кәсіпорындар, жануарлар мен арнайы жабдықты сатып алғаннан кейін субсидиялардың мақсатты пайдаланылғанын растауға 30 күннің ішінде барлық төлем құжаттарының, тауарды жеткізу актілерінің және тауарды сандық-сапалық жағынан бағалау актілерінің көшірмелерін Министрлікке береді.

7. Министрлік осы Ереженің 4-тармағы бойынша, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органына төлеу шотын береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК